

Бекітемін
«Жансап» бөбекжай-бақпасының
меңгерушісі Э.Ж.Қарабаева



**2023-2024 оқу жылына арналған
меңгеруші жанындағы кеңес
отырысының хаттамасы**

МКҚК «Жансаи» бөбекжай-бақшасы»

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 1 хаттамасы

05.09. 2023 жыл

Қатысқаны-8

Күн тәртібінде:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы».Шолу тексерудің қорытындысы.
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.
3. Тіл мерекесі, Алтын күз, Денсаулық күні, Республика күні мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.
4. Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту.
5. Балалардың даму деңгейінің индикаторы.Бастапқы мониторингінің жүргізілуі.
6. ҚР Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу,білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

І.Тыңдалды:

Балабақша м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатай «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексерудің қорытындысына тоқталып өтті.

Біздің басты мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту-кимыл белсенділігіне жағдай жасау,пайдалы және құнарлы тамақтандыру,жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық,психологиялық,әлеуметтік,эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі.Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары бекітілді.

Жаңа оқу жылында стандарт талаптарын,үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде демек,педагогтерге ойынға басымдық беру ұсынылады.Ол үшін балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны құру және ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың бастамаларын,пікірлері мен тілектерін ескере отырып,оларды зеріктірмей,балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді.Шолу тексеру нәтижелері орташа деп бағалаймын,толықтырулар қажет етеді.Аталған басымдықтарды,талаптарды ескере отырып,толықтырулар жүргізуді тапсырды.

2.Тыңдалды:

Келесі сөз кезегін балабақша м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатай жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде тоқталып кетті.

Балабақшаның алдына қойылған міндеттерінің бірі-тәрбиелеу ,білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді.Балаларды дамыту,тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тартуымыз қажет.осы екі мәселеге сүйенейік:

-ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;

-ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту.

Балабақшада балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

-әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;

-балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;

-консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту;

-ата-аналармен жұмыста тренингтер,семинарлар, «игі істер күндері» ,ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес,ата-аналардың конференциясы,дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтетін ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалану қажет деген тапсырмалар берді.

3.Тыңдалды:

Балабақша м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатай Тіл мерекесі, Алтын күз, Денсаулық күні, Республика күніне арналған іс-шаралардың бағдарламаларын бекітті және тіл мерекесіне бүлдіршіндерімен тілдік интеллектуалды сайысты ұйымдастыруды тапсырды.

4. Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша балабақша м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатай сөз алды. Жаңа 2023-2024 оқу жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу,тәрбиешілерді бекіту кестесімен таныстырды.

Ортанғы топ-25 бала (3жасар балалар) «Балапан» тобы.

Тәрбиешілері: Каринбаева Н, Асильбекова Г

Ортанғы топ-25 бала (3 жасар балалар) «Сұңқар» тобы.

Тәрбиешілері: Серикбаева Н, Ирзашева Ұ

Ересек топ- 25 бала (4 жасар балалар) «Аққанат » тобы.

Тәрбиеші: Бестенова Л, Мырзахметова А

Мектепалды топ- 25 бала (5 жасар балалар) «Достық» тобы.

Тәрбиеші: Сулейменова К, Аширова А

5.Тыңдалды:

Балалардың даму деңгейінің индикаторы. Бастапқы мониторингінің жүргізілуі мәселесі бойынша балабақша әдіскері Г.О.Махатай сөз алды. Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі.Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту,түзету іс-шаралары қазан-желтоқсан,аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту,түзету іс-

шаралары ақпан-сәуір, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары ІІ жартыжылдық соңында өткізіледі. Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

6. Тыңдалды:

ҚР Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу, білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Балабақша м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатай сөзге шықты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі бекітілді. Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік Нұсқаулық хат әзірленді.

Әдістемелік Нұсқау хатта негізгі міндеттер белгілінген. Меңгеруші Әдістемелік Нұсқау хатпен қысқаша таныстырды.

Шешімі:

1. Шолу тексеру нәтижелерінде аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізу. Жауаптылар: әдіскер Г.О.Махатай, тәрбиешілер.
2. Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту мақсатында 07-қыркүйек күніне жалпы ата-аналар жиналысын шақыру. Жауапты: әдіскер Г.О.Махатай.
3. Тіл мерекесіне арналған күнінің іс-шарасын және Алтын күз, Денсаулық күні, Республика күні мерекелерін жауапкершілікпен атап өткізілсін. Жауаптылар: музыка жетекшісі К.Токбаев, тәрбиешілер.
4. 2023-2024 оқу жылындағы бекітілген тәрбиешілер балалардың жас ерекшелігіне сай топтағы оқу-тәрбие үдерісі жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылсын. Жауаптылар: әдіскер Г.О.Махатай, тәрбиешілер.
5. Балалардың жетістіктерін қадағалау, тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында кезеңдерімен жүргізу. Жауаптылар: әдіскер Г.О.Махатай, тәрбиешілер
6. 2023-2024 жаңа оқу жылындағы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі Ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқаулық хат басшылыққа алынсын. Оқу-тәрбие жұмыстары стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін. Жауапты: әдіскер Г.О.Махатай, тәрбиешілер.

Жиналыс төрайымы:



Г.О.Махатай

Хатшы:



Г.Асильбекова

**МКҚК «Жансая» бөбекжай-бақшасы»
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 2 хаттамасы**

18.10.2023 ж .

Қатысқан:6

Күн тәртібінде.

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. «МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру» топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру деңгейін бақылау бойынша тақырыптық бақылау қорытындысы.
3. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерінің бағдарламасын бекіту.
4. «Күзгі қиял» жөрмесінің шарттарымен таныстыру, бекіту.
5. Шолу бақылаудың қорытындысы: «Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы».

1.Тындалды:

Откен кеңестің қаулыларының орындалу нәтижесіне балбақша әдіскері Г.О.Махатай тоқталып өтті.«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру кезінде анықталған кемшілік айтылған мерзімде орындалғанын, ойын құралдары, кимылды ойын атрибуттары бала санына толықтырылғанын, табиғат бұрышында гүлдер көбейтіліп, балаларға күтім жасап жатқанын айтып өтті.

2.Тындалды :

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес мектепке дейінгі топтарда заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша жұмыстың жай күйіне тақырыптық бақылау жүргізілді. Бақылаудың нәтижесінде біздің балабақшаның мектепке дейінгі топтарының дамып келе жатқан заттық-дамытушы ортасы МЖМБС талаптарына сәйкес келетініне қарамастан, болашақта біз оны одан да жетілдірілгенің көргіміз келеді. Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына(МЖБМС) сәйкес бес бірін –бірі толықтыратын білім беру саласының мазмұнын: мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік, танымдық, сөйлеу, көркемдік-эстетикалық және физикалық дамуын интеграциялау үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін заманауи ойын жабдықтарын, айырбасталатын жиһаздары, жұмсақ модульдерді сатып алу арқылы ортаны толықтыру қажет. Ата-аналардың бұрыштарының дизайнын ойластыру және жақсарту. Тәрбиенушілердің ата-аналары білім беру процесінің толыққанды қатысушылары болғандықтан, оларды міндетті түрде заттық-дамытушы ортасын құруға тарту қажет. Барлық топтарда балалардың барлық ойыншықтар мен материалдарды пайдалануға еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету, ол үшін қоршаған ортаны, әр баланың микроортаны өз бетінше ұйымдастыра отырып, сүйікті ісімен айналысуға

мүмкіндігі болатындай етіп ұйымдастыру қажет. Жабдықты қатан емес орталықтандыру принципі бойынша орналастыру керек, бұл балаларға мүдделер қауымдастығы бойынша ортаңғы топтарда біругіге мүмкіндік береді.

3. Тыңдалды:

Балабақша м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатай . «Тәуелсіздік күні», «Жана жыл» мерекелеріне арналған бағдарламаларын бекітті. «Тәуелсіздік күні» мерекесі ертеңгілігі сценарімен тәрбиеші Мырзахметова А таныстырып өтті. Ертеңгілік ән, тақпақтар, сахналау жобаланғанын ертеңгілік мақсаты балаларға патриоттық тәрбие беру, отанға сүйіспеншілікке тәрбиелеу екенін айтып өтті.

4. Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.О.Махатай сөзге шықты. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес балабақшамызда табиғи заттардан жасалған бұйымдар ,күзгі табиғаттың байлықтарынан ерекше әсер алып, сол арқылы балалардың эстетикалық сезімдерін ояту мақсатында «Күзгі қиял» көрмесі өтілетінін айтып өтіп шарттарымен таныстырды.

5. Тыңдалды:

Балабақша м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатай «Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы» шолу бақылаудың қорытындысымен таныстырды. Бақылаудың мақсаты: бөбекжайдың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына, санитариялық ережелер мен нормативтерге сәйкес күн тәртібін сақтау бойынша шолу жүргізілді. Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды: жалпы педагогтар өз жұмыстарын күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырады. Қараша айынан бастап мекеме суық мезгіл режиміне көшті, бірақ көшеде әлі де жылы ауа райы болғандықтан, кейбір режимдік сәттерді тәрбиешілер үй –жайда емес, көшеде өткізеді. Мысалы, топ тәрбиешілері балаларды тәңертенгі қабылдауды сыртта өткізеді. Тәңертенгілік гимнастиканы тәрбиешілер ортаңғы топтан бастап ашық ауада өткізеді. Ұзақтығы балалардың жасына байланысты сақталады. Кіші топтар тәңертенгі гимнастиканы топта өткізеді. Кешендер талаптарға сәйкес келеді. (Бақылау анықтамасы тіркеледі.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалуы қанағаттанарлық.

2. «МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру» топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру деңгейін бақылау бойынша тақырыптық бақылау қорытындысы нәтижелерінде аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізу. Жауаптылар: әдіскер Г.О.Махатай, тәрбиешілер.

3. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін жауапкершілікпен атап өткізілсін. Жауаптылар: музыка жетекшісі Токбаев Керимбек, тәрбиешілер.

4. «Күзгі қиял» көрмесінің шарттарымен танысып жауапкершілікпен өткізу. Жауапты: тәрбиешілер.

5. Тәрбиешілер аталған бұзушылықтарды ескеріп, олардың жұмысын ескере отырып түзетеді.

Жиналыс төрайымы:



Г.О.Махатай

Хатшы:



Г.Асильбекова

«Жансая» бөбекжай- бақшасы» МККК

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 3 хаттамасы

14.12.2023 ж

Қатысқаны-10

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.«Мерекелік шаралардың өтілуін талдау». Тақырыпты бақылау.
- 3.Балалардың даму деңгейінің индикаторы.Аралық мониторингінің жүргізілуі.
4. Тәрбиешілермен қысқы серуен кезіндегі нұсқаулық өткізу.

1.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды. Балабақшада ата –аналардың ықылас,ынтасын аударып, қарым –қатынасты күшейтуіміз қажет. Ата –аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыруда ізденуді тапсырамын. Тәрбиеші әрбір сабақты, ойынды ұйымдастыра отырып, баланың қимыл –қозғалысын белсенді дамыта отырып, жан –жақты дамуына зейін аударып, тұрақты ұстап тұратындай тіл байлығымен, біліктілігімен, көрнекіліктілігімен өткізу керек.Соның ішінде балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстары ең басты мәселе.Ең қарапайым түрлері ең бірінші қол жуу, тіс жуу, ауыз шаю, дұрыс тамақтану,тыныға білуге үйретіп,дағдыларын қалыптастыра отырып, балаларды өзінің денсаулығына ұқыптылықпен қарауға үйретеміз, дағдыларын қалыптатыра отырып, балаларды өзінің денсаулығына ұқыптылықпен қарауға үйретеміз. Ол балабақшамызда балалардың өмірін ұйымдастыруда апталық жоспарда жоспарланып өткізілуде. Менің айтарым осы жоспардағы элементтерді күнделікті өз уақытында, күн тәртібі бойынша өткізу тиіс және де бұл жұмыстардың орындалуын әдіскерге тапсырып, оған бағалар ендіруі қажет, қадағалауға алынсын. «Күзгі қиял»атты табиғи материалдардан жасалған қолөнер көрмесі өтті. Ата-аналар белсене қатысты,балаларымен бірге табиғи материалдардан қиялдап,ерекше әдемі,ерекше қызықты қолөнер жасады. Баласымен шығармашылық жұмыс жасап,көрмеге қатысқан барлық ата-аналарға алғыс айтамыз!

2.Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Қуттыбай А.Н «Мерекелік шаралардың өтілуін талдау» тақырыптық бақылау қорытындысымен таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылына арналған «Жансая» бөбекжай - бақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 20.12-26.12.2023 ж. аралығында тақырыптық бақылау жүргізілді.Максаты:мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі балалармен

ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарға дайындық бойынша тәрбие-білім беру жұмысының тиімділігін анықтау мақсатында мына тәрбиешілерде тексеру жүргізілді:

1. «Достық» мектепалды тобы, тәрбиешілер: Сулейменова К, Аширова А
2. «Аққанат» ересек тобы, тәрбиешілер Мырзахметова А, Бестенова Л
3. «Балапан» ортанғы тобы, тәрбиешілер Каринбаева Н, Асильбекова Г
4. «Сұңқар» ортанғы тобы, тәрбиешілер Серикбаева Н, Ирзашева Ұ

Бақылау келесі мәселелер бойынша жүзеге асырылды:

-Балалармен музыкалық-ырғақты репертуарды үйрену.

-Тәрбиешілерді ,музыкалық жетекшіні мерекеге дайындау.

-Мерекелер мен бос уақытты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты ата-аналармен өзара әрекеттесу.Жақсы ұйымдастырылған мерекелер психикалық процестердің дамуына пайдалы әсер етеді:есте сақтау,зейін,баланың сөйлеуін дамытуға,әртүрлі сабақтарда алған білімдерін шоғырландыруға,адамгершілік тәрбиесіне ықпал етеді.Балабақшада ертеңгіліктер тек ойын-сауық шарасы ғана емес,сонымен қатар үлкен,киын дайындық жұмыстары.Көбінесетолар тақырыптық сипатта болады:барлық өлеңдер,әндер,ойындар әдетте,бір тақырыпқа бағынады(анықтама қоса тіркеледі).

3.Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Қуттыбай А.Н сөз алды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша тәрбиенушілердің білік дағды даму деңгейін анықтау мақсатында аралық мониторинг жүргізіледі.Тәрбиешілер жасаған құжаттама нормативтік талаптарға,мектепке дейінгі білім беру мекемесінің істер номенклатурасына,мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.Олар осы топтағы білім беру процесінде қолданылады,бұл тәрбиешілердің білім сапасы мен тиімділігінің көрсеткіші болып табылады және тұтастай алғанда мекемеде білім беру ортасын құруға оң әсер етеді. 2023-2024 оқу жылының аралық мониторинг сапалы жүргізуді тәрбиешілерге тәрбиенушілердің тізімін жасап,қантар айының 15 дейін аралық мониторинг жасау керектігі айтылды.

4.Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Қуттыбай А.Н тәрбиешілермен қысқы серуен кезіндегі нұсқаулық өткізді. Баланы тәрбиелеу үздіксіз жүргізілетін процесс.Балаларды тұлға ретінде жан –жақты гармониялық тәрбиелеу процесі серуен жағдайында да жүзеге асырылады. Серуен балалардың денелерін шынықтыруын қалыптастыруға әсерін тигізеді,көңіл күйлерін көтереді. Тәрбиеші киінген жарты топтың балаларымен серуенге шыға береді,өйткені балалар терлеп кетеді.Қалған балаларды тәрбиешінің көмекшісі кіндіріп шығарады. Қысқы уақытта серуен 2 рет өткізіледі,жалпы барлық ұзақтығы 3 сағатқа дейін.15 градустан төмен және желдің күші 7 м/с болса серуен қыскартылады.Егер температура 20 градустан төмен және желдің күші 15 м/с болса серуен жүргізілмейді.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатымен тәрбиеші және тәрбиешінің көмекшісі жұмыстын басында топ учаскісін толық тексеріп шығу керек:сынған

шыны, сым, баска да зиянды заттар болмауына. Мектепке дейінгі мекемеде серуенді ұйымдастыру жұмысында тәрбиешінің көмекшісі участка ойын орталығын дайындауға көмектеседі. Балалардың серуенге қызығушылықпен шығуы үшін, оларға әртүрлі қызмет жағдайын тудыру қажет.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: әдіскер

2. 1. Музыка жетекшісі, тәрбиешілер мереке алдында ата-аналармен алдынала жұмыс жүргізуі керек. Әңгімелесулерде аналар, әжелер, әкелер мен аталардың назарын мерекелік ертеңгіліктегі барлық балалар өлең оқымайтындығына аудару керек: кезек бар және жыл бойы әр бала міндетті түрде жеке сөйлейді. Жауаптылар: музыка жетекшісі, тәрбиешілері.

2. Сценарийді құрастыру және орындау үшін шығармаларды таңдау кезінде балалар жақсы білетін әндерді, билерді, ойындарды пайдалану керек, ал орындау кезінде олар көңілді болады. Жауапты: музыка жетекшісі, тәрбиешілер.

3. Ойындар мен билерге ерекше назар аудару керек. Ойындарды қолдана отырып, олар сценарийлердің бөлігі екенін және мерекенің мазмұнымен үйлесуі керек екенін есте ұстаған жөн. Бағдарламаға міндетті түрде би, дөңгелек би, халықтық және бал билері кіреді. Олардың бағыты мерекенің мазмұнына байланысты. Жауапты: музыка жетекшісі, тәрбиешілер.

4. Өлеңдерді таңдағанда, ұзақ, қиын өлеңдер мерекені безендірмейтінін, бірақ көбінесе оны кешіктіріп, зеріктіретінін есте ұстаған жөн. Өлеңдер кішкентай, мерекенің мазмұнына және балалардың жасына сәйкес, жоғары көркемдік болуы керек. Жауапты: музыка жетекшісі, тәрбиешілер.

5. Мерекелік бағдарламада сахналанған ертегілерді, әңгімелерді, пьесаларды, өлеңдерді қолдану театрландыру элементін енгізеді. Театрландырылған қойылымдарға балалар міндетті түрде қатысуы керек. Жауапты: музыка жетекшісі, тәрбиешілер

3. Орта топ және ересек топ балаларымен қосымша жұмыстарды жүргізу, ортанғы топ балаларымен жекелеме жұмыстарды күшейту, ересек, мектепалды топтарында қосымша жеке жұмыстарды жандандыру. Жауапты: әдіскер Қуттыбай А.Н, тәрбиешілер.

4. Тәрбиешілер қысқы серуен кезіндегі нұсқаулықты басшылыққа алып жұмыс жүргізсін. Жауаптылар: тәрбиешілер.

Жиналыс төрайымы:



Карабасова Г.Ж

Хатшы:



Бабашева О

«Жансая» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Меңгеруші жанындағы кеңестің № 4 хаттамасы

01.02.2024 ж

Қатысканы-14

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы
2. 8-наурыз, Жыл басы Наурыз мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.
3. Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді талдау» тақырыптық тексеру қорытындысы

1.Тыңдалды: Кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Карабаева Г.Ж тоқталып өтті. Ол өз сөзінде былай деді: «Жалпы білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі кезеңде білім мен тәрбие қатар жүреді. Балбақшада берілген тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан –жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл –ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу –бүгінгі күн талабы. Балалардың оқу қызметінде үстінде, көңіл –күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлауға, танымдылығын дамыту үшін пікір алмасу, шығармашылық қабілеттерін шындау тәрбиешіге байланысты.

2.Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша балабақша ән жетекшісі Токбаев Керімбек сөз алды:

8-наурыз Халықаралық аналар мерекесі өте әсерлі де, қуанышты мереке. Балалардың өзі аналарын қуантқысы келіп, мерекеге өте ықыласпен қатысқысы келіп тұрады. Біз залды мерекеге түймедақтармен әдемі етіп 8 санын жазып, гүлдерді көбейткенді жөн көрдік, көктемнің алғашқы мерекесі болғасын, көктемді сезінейік дедік.

Ал концерттік бағдарламаны тәрбиешілермен бірге отырып әзірледік. Ортаңғы «Сұңқар» тобының тәрбиешісі Серикбаева Назира сөз алды. Біздің мерекелік ертеңгілігіміз «Әлемдегі сұлу анамыз»деп аталады. Балаларымыз мерекеде аналарымызды құттықтап, бас иіп сәлем беруден басталады, «Менің Анам алтын» барлық балалар хормен бірге ән салады, би билейді, ата –аналармен «Өз ойыңды жеткізе біл» ойынын ойнаймыз. Қыздарымыз «До,ре,ми» биін билейді ата-аналар түрлі түстен көйлек тіктіріп жатыр, «Әжем айтқан ертегі» әні, тақпақтарымыз бар –деді.

Басқа топ тәрбиешілері де танысып, бағдарламаның мазмұны мен уақыты жайлы, музыкалық жетекшісімен бірге шешімдер қабылданды. Балабақша

менгерушісі бағдарламалармен таныса отырып, 3-4 наурыз күні өткізуді тапсырып, бекітті.

3.Тыңдалды:

«Жансая» бөбекжай - бақшасының 2023-2024 оқу жылы наурыз айында өткізілген жылдық жоспар бойынша бақылау мен басқару кестесі бойынша «Аққанат» ересек топта « Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді талдау » тақырыптық тексеру қорытындысы. Анықтама

Тобы: «Аққанат » ересек тобы.

Күні 18.02.2024ж. Тәрбиеші: Мырзахметова А педагогикалық өтілі -7 жыл

Тексеру барысында дене шынықтыру оқу қызметін ұйымдастыру және өткізу, таңертеңгі гимнастика барлық жас топтарында дене шынықтыру бойынша шынықтыру іс-шараларын өткізу қаралды.

Дене шынықтыру бойынша оқу қызметі жақсы деңгейде жүргізілді: құрылымдық бөлімдері оқу қызметі түріне сәйкес келді, қозғалыстармен физикалық қасиеттерді дамыту бойынша барлық бағдарламалық материалдарды кешенді іріктеу жүзеге асырылады. Тәрбиеші дене шынықтыру дайындығын ескере отырып, балаларға сараланған көзқарас қамтамасыз етті; дене жүктемесін артыруда арнайы тәсілдерді қолданды; балалардың басқа режимдік сәттерінде еркін қозғалыс сәттері үшін уақыт бөлді. Топта күнделікті дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары өткізілді. Таңертегі гимнастика, ұйқыдан кейінгі гимнастика, серуендегі қозғалмалы ойындар, топтағы қозғалмалы ойындар, аптасына 3 рет дене шынықтыру оқу қызметтері, серуендеу тәртібі сақталған.

Топта шынығудың нәзік түрлері: жалаң аяқ түйме іздерін басу, ұйқыдан кейінгі және оған дейінгі ауа ванналары, бір-біріне массаж жасау. Таңертеңгі гимнастика талапқа сай затпен және затсыз жобаланған. Балалар қатарға тұру, атрибуттарды алу, қайта жинау, бір-біріне кедергі келтірмеу дағдыларын меңгерген.

Тәрбиеші физикалық және саптық жаттығуларды таңдауда; әртүрлі атрибуттар мен дыбыстық сүйемелдеуді пайдаланды. «Денсаулық» білім саласының мақсатын жақсы біледі. Күн бойы балалардың қозғалыс тәртібін сауатты жоспарлап, ұйымдастырды. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға шебер басшылық етті. Топтағы серуен талапқа сай жобаланған. Серуен бөлімдері сақталған. Қимылды ойындардың әртүрлілігі сақталған. Қимылды ойындар картотекасы жасалған.

Сергіту жаттығулары, ояту жаттығуларының картотекасы жасалмаған. Топта дәстүрден тыс құралдармен жұмыстар аз жобаланған. Балалармен үстел үстінде жұмыс істеу кезінде дұрыс отыруын бақылау үнемі болмады. Оқу қызметтерінде тәрбиешілер көзге арналған жаттығулар қолданылмады.

Дамытушы кеңістік ортаны талдау.

Тәрбиеші пәндік-дамыту ортасын ұйымдастыруда жақсы күзіреттілікке ие. Топта керекті құралдар іріктелінген, педагогикалық мақсатқа сай орналастырылған. Топта секірумен ойнауға арналған атрибуттар жабдықталған. Дене шынықтыру бұрыштары (скалкалар, сакиналар, жалпақ шеңберлер, кегли, доптар, құм салынған қаптар, тепе-тедік жолдар) бар, топта гигиеналық шаралар үшін жағдай жасалған: тарақ, сүлгі ретімен ұсталады. Антисептиктер орнатылған, балалар қолдарын залалсыздандырып отырады. МДҰ талаптарына сай дамытушы заттық-кеңістік ортаны байыту жұмыстары жалғастыру қажет. Стандартты емес материалдан ойын жабдықтарын жасау қажеттілігі бар.

Топтағы психологиялық жайлылықты талдау. Топта балалар арасында жағымды қарым-қатынас орнаған, үлкенді сыйлау, достарымен келісу, ойын кезінде бір-бірін итермеу, ережеге бағыну дағдыларын меңгерген.

Ұсыныстар:

1. Ата-аналар үшін буклеттер, жаднамалар, папкалар әзірленсін, осы бағыттағы жұмысқа ата-аналар тартылсын.
2. Білім беру қызметін ұйымдастыру үшін стандартты емес жабдықтармен дамыту ортасы ұйымдастырылсын.

Жиналыс соңында ортақ шешім қабылданды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты әдіскер Қуттыбай Аида.
2. 8-наурыз, Наурыз мерекелерін жауапкершілікпен, қызықты, әсерлі етіп өткізу. Балалар жасына лайықты әндер, билер болуын қадағалау. Жауапты: әдіскер: Қуттыбай Аида және тәрбиешілер.
3. Ертеңгілік 18 наурыз күндері өткізілсін.
4. Тәрбиешінің кәсіби шеберлік деңгейі жақсы. Дене тәрбиесі бойынша жұмасты сапалы жоспарлады, білім беру кеңістігін сауатты құрды. «Аққанат» ересек тобында дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының жүргізілуі «жақсы» деңгейде жүргізілді.

Жиналыс төрайымы:  Карабаева Г.Ж

Хатшы:  Бабашева О

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 5 хаттамасы

04.04.2024 ж

Қатысканы-6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы
2. Еңбек тәрбиесінің деңгейі, еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлай білу қабілеті.
3. Жазғы маусымға арналған і-шараларды бекіту.

1. Тыңдалды:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Карабаева Г.Ж сөз алды. Ол өз сөзінде : баланы білімге, ғылымға тәрбиелеуден алдын адамгершілікке,еңбекке тапсырманы орындауға,ережеге бағынуға үйретумен нәтижеге жететініміз белгілі. Балабақшада өзін адам әлемінің өкілі ретінде алғашқы түсініктерін қалыптастыру мақсаты бар. Адамның өсуі үшін қажетті заттар-су,ауа,жарық,жылу,тағам,қозғалыс,демалыс,күтім керекті, ол қажеттіліктер үлкендер қызметімен,еңбекпен келетінің ұғындыруымыз, алғашқы түсінік пен дағдыларды қалыптастыру үлкен еңбек.

Ол үшін өз-өзіне қызмет студі үйретуіміз,достарына көмектесу, кезекшілік ету,табиғат бұрышында еңбек ету,табиғатты еңбектер қалай ұйымдастырылуда.

2. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Ж.Карабаева «Еңбек тәрбиесінің деңгейі,еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау білу қабілеті» жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті: Адамның адам болып қалыптасуының құралы-еңбек. Еңбектің нәтижесі әрбір адамға,оның еңбекке саналы, шығармашылық көзқарасына байланысты. Олай болса бүгінгі таңдағы қоғам қажеттілігі-жас ұрпақтың таңдауға баулу.Баланың жеке басының еңбекке бейім болып өсуі оны еңбек тәрбиесіне баулуға тікелей байланысты. Мектепке дейінгі жас-негізінен ойын кезеңі болғандықтан, еңбектің бала өмірінен алатын орны тым аз. Әдетте еңбек әрекетінің карапайым элементтерінің көрініс тауып, бірте,бірте еңбек ойыннан бөлініп,айырықша сипатқа ие болады.

Жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу-маңызды педагогикалық процесс. Ойткені,болашақ қоғам азаматтары өздерінің адамгершілік қасиеттерін,абыройын,өмірден алатын орнын тек қана еңбек арқылы ғана ақтай алады.Енбекке баулуда бала күнделікті өмірге қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеріп қана қоймай, еңбек баланың ақыл-ойының дамуына

әсер ететіндей, бастаған ісін соңына дейін аяқтауына, оның әсем де әдемі болуына назар аударту көзделеді. Еңбекке тәрбиелеудің негізгі мақсаты- еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, оның нәтижесіне қуана білуге, балалардың күшін толықтыруға және денсаулығының нығаюына жәрдемдеседі, дене қозғалысының үйлесімді, сергек болуына ықпал ету. Ұсыныстар: балабақшадағы еңбек түрлері: табиғат бұрышындағы еңбек, өзіне қызмет ету, тұрмыстық-шаруашылық еңбек, табиғаттағы еңбек, қол еңбегі түрлері қамтылсын.

3. Тындалды:

Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, жүргізу жөнінде балабақша меңгерушісі Карабаева Г.Ж тоқталып өтті:

Жазғы маусымға әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сай, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында іс-шаралар жүргізіледі. Түрлі серуендер, ойындар, зерттеу-ізденуші ойындары, балалардың шығармашылығын арттыруға, ұжымда тату-тәтті, достарымен бірлесе ойнауды, шомылуды, күнге күйдіріну, спорттық ойындар, сумен ойындар, сахналық қойылымдар жоспарланды.

Әр белгілінген жауапты педагог, іс-шараны сапалы безендіріп, жауапкершілікпен қызықты өткізуге тиісті. Ең бастысы өткізілген іс – шара кезінде күн астында ұзақ қалмауы, қауіпсіз болуы керек. Міндетті түрде мейірбикенің қатысуымен өткізіліп, бақылауда болуы керек. Және өткізілген іс – шара суреттермен әдіскерге өткізіледі.

Шешімі:

1. Әр бір іс – шара, мерекелерді жауапкершілікпен атап өту. Жауаптылар педагогтер.
2. «Еңбек тәрбиесінің деңгейі, еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлай білу қабілеті» жедел тексеру қорытындысының нәтижесінде ұсынылған ұсыныстар түзетілсін. Жауаптылар тәрбиешілер.
3. Жазғы маусым іс – шаралары жоспарлы түрде, жүйелі, мейірбикенің қатысуымен, жауапкершілікпен өткізу. Жауаптылар тәрбиешілер, мейірбике.

Кеңес төрайымы:  Карабаева Г.Ж

Хатшы:  Бабашева О

**МКҚК «Жансая» бобекжай- бақшасы»
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 6 хаттамасы**

15.08.2024 ж

Қатысқаны-5

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы
2. Жаңа оқу жылына № 1 педагогикалық кеңеске дайындық.
3. Жөндеу жұмыстары жөнінде

1. Тыңдалды:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды.

Жаз мезгілі демалыс кезеңі. Балалардың бойлары өсіп, күнге қыздырынып, серуендерге, ойынға көбірек уақыт бөлінді. Ыстық күннің астында қалмауы қадағаланды. Серуен кезінде бас киімде болуы, қайнатылған су беріп, тазалықтарына да көңіл бөлінді.

Сөйлегендер: мейірбике Тойымбетова Лаура :

Жалпы жаз биыл өте ыстық, аптап ыстықтар көп болды. Балалардың денсаулығына, көңіл күйіне, тазалығына мән бере отырып барлық сауықтыру, оқу – тәрбие іс – шаралары өткізілді. Балаларға жазда көп ойнауға, сыртта таза ауада көбірек серуендеуге көңіл бөлінді. Ас – суы да қадағаланып жемістер, салаттар мен тамақтану рационы толықтырылып отырылды.

2. Тыңдалды:

Жаңа оқу жылының № 1 педагогикалық кеңесіне дайындық туралы әдіскер Куттыбай Аида тоқталды. Биылғы жылы жаңа Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы таныстырып, түсініктемелер берді. 2024 – 2025 оқу жылының жоспарланып отырған мақсат – міндеттерімен таныстырды.

Міндеттері: баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Мақсаттары:

1. Тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени – гигиеналық дағдылар, қимыл – қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту.
2. Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін, Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру.

Алдағы жаңа оқу жылында да, ұйымдасқан түрде оқу – тәрбие үдерісін жүргізуде ауызбіршілік пен жауапкершілік танытуларыңызды сұраймын деді.

3.Тыңдалды:

Келесі жөндеу жұмыстары жөніндегі мәселеге б/б меңгерушісі Карабаева Гульназ тоқталды:

Балабақшада балаларға толық жағдай жасану үшін әрине ең бірінші материалдық техникалық базасы жатады. Балабақша көлемі, алаңы сай. Дегенмен жылда ағымдағы жөндеулер жүргізілуге тиісті. Қажетті жерлерді жөндеу, сыбап, ақтап, сырлап шықтық. Дегенмен, қажетті құралдарды сынықтарын түзеп, жаңа оқу жылына дайындап, толықтыра түсуіміз қажет. Аулада, балабақша ғимаратында тазалық сақтайық. Тазалық жұмыстарын күрделі де, аса жауапкершілікпен жүргізейік. Әрине бұған мейірбике және кәсіподақ ұжымының төрайымы да жауапты. Ұжымда жөндеу жұмыстарын ұйымдастырып, тиянақты етіп атқарып та жүр. Рахметімді айтамын деді.

Шешімі:

4. № 1 педагогикалық кеңеске тапсырма алған педагогтар жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: әдіскер Қуттыбай Аида
5. Жөндеу жұмыстары толығымен аяқталсын. Жауапты: меңгеруші: Карабаева Г.Ж
6. Әрбір педагог өз міндетін жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: Педагогтар.

Кеңес төрайымы:  Карабаева Г.Ж

Хатшы:  Бабашева О